

Сахналау

Тақырыбы : «Шалқан»

Мақсаты: Балалардың ертегі мазмұнын естеріне түсіріп, сұраққа толық жауап берулерін қадағалау.Ертегіні өздері ойнайтындығын айтып,киімдерді көрсетіп,қызығушылықтарын арттыру. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл бөлу. Ертегіні кейіпкерлердің арасындағы достық қамқорлық сезімді ұғындыра отырып, бір біріне әдептілік кішіпейілдік жасау, қиын жағдайда жәрдемдесу,қиындықтан құтқара білу, жағымды әрекеттерін қалыптастыру

.



***Қуыршақ театры.***

**Тақырыбы: «Бауырсақ»**

**Мақсаты:** ***Баланың таныс ертегіні естеріне түсіре отырып,қызығушылық сезімдерін туғызу. Кейіпкерлердің дауыс ерекшелігін айыра отырып , екпінін келтіре білугеқатты, нақты түсінікті айта білуге үйрету, ертегі мазмұнын сұрақ қоя отырып,толық айтуға дағдыландыру.***

Фланелеграф

Тақырыбы: «Бауырсақ»

МақсатыБалаларға таныс ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету.Баланың назарына ертегі кейіпкерлерін аудару.Қойылған сұрақтарға тиянақты етіп жауап берулерін қадағалау. Тәрбиешінің ертегі кейіпкерлерін қозғалту әрекетін мұқият қарап, өз беттерімен қимылдата білуге дағдыландыру.Ертегі мазмұнын толық нақты айтуға, кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге үйрету.



Сахналау.
Тақырыбы: «Бауырсақ»
Мазмұны: Баланың ертегі мазмұнын естеріне түсіріп, сұраққа толық жауап беруін қадағалау.Ертегіні өздері ойнайтындығын айта отырып,киімдерін балаларға кигізу арқылы, қызығушылық сезімдерін арттыру.Кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл бөлу.Аюдың жуан ,түлкінің жіңішке т. т.



**«Бала-бала балақан»**

***Мақсаты:*** ***Тәрбиеші оқыған өлең тақпақты ілесе қайталап айтуға үйрету,өлеңді жатқа айтумен қатар,қимыл қозғалыстарын бірдей жасай білуге дағдыландыру. Өлеңнің мазмұнына қызығушылықтарын арттыру.***



**Сахналау.**

**Тақырыбы: «Шалқан»**

**Мақсаты: Балалардың ертегі мазмұнын естеріне түсіріп, сұраққа толық жауап берулерін қадағалау. Ертегіні өздері ойнайтындығын айтып,киімдерді көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл бөлу. Ертегіні кейіпкерлердің арасындағы достық қамқорлық сезімді ұғындыра отырып, бір біріне әдептілік кішіпейілдік жасау, қиын жағдайда жәрдемдесу,қиындықтан құтқара білу, жағымды әрекеттерін қалыптастыру.**

***Әлімқұлов «Ойыншықтар»***

***Мақсаты: Өлең сөзін дауыс екпінін сақтап,нақышына келтіре эмоциялдық сезіммен жатқа айтқыза отырып, өлең мазмұнын жете түсіне білуге үйрету. Балаларды әр түрлі қимыл жасауғажәне сапалы орындауға тәрбиелеу. Ойыншықтарды таңдап алу арқылы оларға сөйлеу дағдыларын дамыту.***


Үстел үсті театры.
Тақырыбы: «Бауырсақ»
Мақсаты:Балаларға ертегінің мазмұнын кейіпкерлердің бейнесін дұрыс ұғынуға үйрету.Олардың үстел үстінде пайда болуын байқай білуге үйрету.Ертегінің оқиға желісін бұзбай ,эмоциялық сезіммен қабылдауға деген құштарлығын арттыру. Баланың кейіпкерлерді өздері айтуға, қимыл қозғалыс, дауыс ырғағын келтіре білуге үйрету. Кейіпкерлердің өзара іс-әрекеттерін байланыстырып,айта білуге үйрету.
мед

*Үстел үсті театры.*

*Тақырыбы: «Шұбар тауық»*

*Мақсаты:* ***Балаларға ертегінің мазмұнын, кейіпкерлердің бейнесін дұрыс ұсынуға үйрету, олардың үстел үстінде пайда болуына назарларын аударып,қимыл әрекетіне көңілдерін бөлу.Баланың кейіпкерді өздері ұстап,ертегі мазмұнын айта отырып,қимыл қозғалысын келтіре білуге дағдыландыру.Кейіпкердің көңіл күйін сөзбен айта білуге қалыптастыру.***



***Фланелеграф***

***Тақырыбы: «Шұбар тауық»***

***Мақсаты: Балаға таныс ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету.Қойылған сұрақтарға тиянақты етіп жауап берулерін қадағалау. Кейіпкерлерді қимылдата отырып,ертегі мазмұнын өз беттерімен айтуға дағдыландыру.***






***Көлеңке театры.***

***Тақырыбы: «Шұбар тауық»***

***Мақсаты: «Баланы тағы бір театр түрімен таныстыру.Бұл театрда ертегі кейіпкерлерін тек қана көлеңкесін байқайтындықтарына баланың көздерін жеткізу,таныс ертегіні ынтаменқызыға отырып,аяғына дейін тыңдауға дағдыландыру. Көлеңкеден ертегі кейіпкерлерін тани білуге,аттарын сұрау арқылы жауап алу.Ертегі мазмұнын толық нақты айтқызу.***

**Сахна.**

***Тақырыбы «Шұбар тауық»***

***Мақсаты:*** ***Баланың ертегі мазмұнын естеріне түсіріп ,сұраққа толық жауап беруін қадағалау,ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсете отырып,бүгін осы ертегіні өздері орындайтындығын айту,қызықтыру, кейіпкердің дауыс екпінін,қимылын салуға үйрету.***

8ART.ru

**Дүйсенбаев.**

**Тақырыбы: «Не деу керек»**

**Мақсаты: Өлеңді дауыс екпінін сақтап,мәнерлеп айта отырып, мазмұнын түсіне білуге үйрету. Адамгершілік ,мәдениеттілікке тәрбиелеу.Өлең мазмұнына сай рөлдерді бөліп,диалог түрінде сөйлей білуге дағдыландыру.Өлең сөзіне сай қимыл қозғалыс,іс-әрекет жасау.**

**Үстел үсті театры.**

**Тақырыбы: «Үш аю»**

**Мақсаты:** **Балаға ертегіні ынтамен аяғына дейін тыңдай білуге үйрету.Әр кейіпкерге сипаттама бере отырып ,үлкен ортаңғы ,кіші деген мағнаны жете түсінуге дағдыландыру.Сұрақ қоя отырып ертегі мазмұнын айтуға нақты,түсінікті жауап беруге қалыптастыру.Кейіпкерлерді қозғай отырып,сөйлеуге тәрбиелеу, дауыс қарқынын өзгерте білуге үйрету.Білім деңгейлерін одан әрі жетілдіру.**

**Сахналау.**
**Тақырыбы: «Үйшік»**
**Мақсаты:** **Баланың есіне ертегі мазмұнын сұрақ қоя отырып түсіру.**
**Ертегіні кейіпкердің киімін кигізе отырып,өздері ойнайтыны туралы айту.**
**Кейіпкердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл бөлу.**
**Ертегідегі кейіпкердің іс әрекетін сезініп,қимыл қозғалыс арқылы,бейнелеп ойнай білуге үйрету.**



Фланелеграф

Тақырыбы: «Маша мен аю»

Мақсаты: Балаға таныс ертегіні сұрақ қою арқылы естеріне түсіру, тәрбиешінің ертегі кейіпкерін қозғалту әрекетіне көңілдерін бөлу.Өз беттерімен қимылдатуға дағдыландыру.Дауыс екпінін кейіпкерлердің іс-әрекетіне байланысты өзгерте білуге үйрету.



Сахналау

Тақырыбы: «Маша мен аю»

Мақсаты: Баланың естеріне таныс ертегіні түсіру. Киімдерді кигізіп өздері, кейіпкерлерді өздері ойнайтындығын айту арқылы, қызығушылық сезімдерін туғызу.Кейіпкерлердің дауыс ырғағын ,қимыл қозғалысын салғыза отырып,ойнай білуге дағдыландыру.

